


«Н. Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп»КММ

Бірінші сынып оқушыларымен түзету- дамыту сабақтары.

Педагог-психологтар: И. Жумабекова
Н. Нурмазамбетова

Бірінші сынып оқушыларымен «Қай лабиринтті таңдайсыз», «Суреттен не көрдіңіз», «Логикалық ойындар» т. б түзету-дамыту сабақтарын өткізу.



Қай лабиринтті таңдайсыз?

Адам өмір бойы өзін өзі зерттеумен өтеді. Кейде ішкі әлемімізге үңілгенде өзіміздің кемшін тұстарымызды көру қиынға соғып жатады. Ал адам өзін толық танымаса, бойындағы әлсіздіктерді жеңбесе, тұлға болып қалыптасуы қиын. Мұндайда сізге психологиялық тест көмекке келеді. Суреттегі төрт лабиринттің бірін таңдап, өзіңіз туралы мәлімет алыңыз.

1-лабиринт

Сіз үнемі барлығын кейінге шегеріп қоясыз. Тіпті қате қадам бассаңыз да, оны ешқашан мойындамайсыз. Ешқандай мәселеге мәселе деп қарамайсыз. Алайда мәселе үстіне мәселе жинала берсе, оның шешімін табу да күрделене түседі. Осылай жалғаса берсе "мәселелер сақталатын жәшігіңіз" де толып, ішіне ештеңе сыймай кетеді. Кез келген жағдайды уақытылы шешіп отыруға дағдыланыңыз. Одан бөлек сіз өте сезімтал жаратылыссыз. Көп нәрсені жүрекке жақын қабылдамауға тырысыңыз, сонда өзіңізге жеңіл болады.

2-лабиринт

Сіз шешім қабылдауда осалдық танытасыз. Мұны өзіңіз де байқамайсыз. Мәселе сіздің өткен шағыңызбен байланысты. Әлдекім өзіңізге деген сенімділігіңізді төмендеткен, сол себепті бойыңызда осындай кемшілік қалыптасқан. Қазір бір шеңбер бойымен ғана айналып, ары аса алмай жүрсіз. Үнемі өзіңізге ұнамайтын нәрсені таңдайсыз. Араласатын ортаңызды да өзіңіз шеше алмайсыз. Іште бір күш бұлқынып жатыр, бірақ оны сыртқа шығаруға дәрменіңіз жетпейді. Барлығын өзіңіз саралап, сараптайтын күйге жетсеңіз кемшіліктерден арыласыз.

3-лабиринт

Үнемі барлығын өз тұлғалық қасиетіңізге әкеп тірейсіз. Кез келген іс, әңгіме, ойлар, болып жатқанның барлығын өзіңізге қабылдайсыз. Сыртқы ортадағы сөздерді жайбарақат тыңдай алмайсыз, атыңызға айтылған сынды да қабылдай білмейсіз. Бұл қасиет сізді көп мәселеге душар етеді. Өзіңіздің шынайы бейнеңізді де қабылдау қиынға соғады. Өз эгоңызды шектеп, қоршаған ортаны тыңдауды үйреніңіз. Өзіңізді өзгеге ренжітуге жол бермеңіз, сөйте тұра олардың пікіріне құлақ асыңыз.

4-лабиринт

Сіз үшін тәуекелге бел байлау – қиынның қиыны. Тек өз жан қалауыңыз бойынша өмір сүресіз. Ішкі әлеміңіз бір өзгерісті қалайды, дегенмен оған да тәуекел ете алмайсыз. Кез келген өзгерісті, ұсынысты қорқа-қорқа тыңдайсыз. Оның зардабы өмір бойы алдыңыздан шығып отырады. Сондықтан кей-кейде болса да батыл шешімдер қабылдаудан қорықпаңыз.



Интернет пайда болғанға дейін адамдар өз-өзін тану үшін түрлі психологтың табалдырығын тоздырған болса, қазір байланысқа қосылып, психологиялық тесттерден өтуіне де болады.

Бүгінгі ұсынатын тестімізден үш түрлі бейненің қайсысы бірінші көзге ілінді, соны анықтаңыз: қыз бейнесі, аққу, қамыс.

Егер суреттен бірінші жас қыздың бетін байқаған болсаңыз, сіздің бойыңызда мынадай қабілеттер бар: өзіңізге сенімділік, эмоцияңызды басқара білу, тұйықтық. Ал жағымсыз қасиеттеріңізге келер болсақ, серіктесіңізге аса жоғары талаптар қоясыз, сол себептен өмір жолыңызда өз адамыңызды кездестіру аса қиын.

Егер назарыңызға ұшып бара жатқан аққу іліксе, онда сіз жұмбақ адам екеніңізді көрсетеді. Жеке кеңістігіңізге ешкімді кіргізбейсіз. Адамдардың әділетсіздігіне шыдай алмайсыз. Егер өз пікіріңіз дұрыс емес екенін біліп тұрсаңыз да, соңына дейін дегеніңізден қайтпайсыз.

Алдымен қамысты көрсеңіз, онда сіз мықты әрі өктем тұлғасыз. Сізге ешкім қарсы келе алмайды. Тәуекелге бел буып, батыл тәжірибелер жасауға құмарсыз. Жаңа таныстар тауып, барлығының назарында болуды қалайсыз. Алайда аса тәуекелшілдігіңіз сізді бір күні шығынға ұшыратуы да ықтимал.


1-ші сыныпқа арналған логикалық тапсырмалар Жыл мезгілі

Бұрын-кейін

көктем	жаз
күз	қыс

Қай жыл мезгілі бұрын, қайсысы кейін болады?

2. Тұйықталмаған қисық сызықты тауып, дәптеріңе сал.



3. Логикалық есептер

1. Зообақтағы пони 3 ересекадамды немесе 6 баланы тарта алады. Пони әкесі мен анасы және ұлы мен қызы бар отбасыны тарта ала ма?

2. Бақа-ана мен бақа-қыз кезектесіп шыбынаулап отыр: анасы бір шыбын, қызы бір шыбын, анасы бір шыбын, қызы бір шыбын т.с.с. Анасы мен қызының қайсысы көп шыбынаулайды?

Логикалық есептердің жауаптары:

1. Болады. Ұлы мен қызы бір ересекті алмастырады.

2. Егер шыбындар 3, 5, 7, 9, ..., болса, онда анасы көп аулайды (1 шыбын артық), Егер шыбындар саны 2, 4, 6, 8, ..., болса, онда екеуі бірдей шыбын аулайды.

4. Бос торкөздерге цифрларды ретімен жаз.





55.Өрнектің мәнін тап:

$$5+1 \ 9-1 \ 9+1$$

$$7+1 \ 8-1 \ 8-6$$

$$8+1 \ 8-2$$

Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектебінің 1 сынып оқушыларымен жүргізілген «Қай лабиринтті таңдайсыз», «Суреттен не көрдіңіз», «Логикалық ойындар» түзету- дамыту сабақтарының қорытындысы туралы

Анықтама

Мақсаты: Бірінші сынып балалардың білім ордасындағы білімін түзеу және сабақ уақытысындағы проблемаларды анықтап, кеңестер мен ұсыныстар беру барысында сабақтар жүргізу.

Мерзімі: 25.09- 27.09.2023ж

Уақыты : 20 минут

Жиналысты жүргізгендер: Жұмабекова И, Нұрмахамбетова Н

Қатысқандар: 95 оқушы

Қыркүйек айында 1 сынып оқушыларымен жүргізілген «Қай лабиринтті таңдайсыз», «Суреттен не көрдіңіз», «Логикалық ойындар» түзету- дамыту сабақтары ұйымдастырылып, өткізілді.

Мақсаты: Бірінші сынып оқушысының білімге деген қызығушылығын нығайту. Оқушының өз ойын еркін айтып, сыйластық және сырларын бөлісе білу үшін жақсы қарым қатынаста болудың маңыздылығын түсіндіру.

Сабақ алдымен оқушылармен сәлемдесуден басталды. Құрметті оқушылар сіздермен бүгін қызықты сабақтар өтеміз. Бүгінге мақсат: «Қай лабиринтті таңдайсыз», «Суреттен не көрдіңіз», «Логикалық ойындар» түзету- дамыту сабақтарын жоғары деңгейде түсіндіру. Нәтижесінде оқушылар бірнеше логикалық есептер шығарды және сурет арқылы өздерінің психологиялық жай күйін тест тапсыру арқылы біле алды, сондай ақ лабиринт таңдау арқылы адам өмір бойы өзін өзі зерттеумен өтетіндігін, кейде ішкі әлемімізге үңілгенде өзіміздің кемшін тұстарымызды көру қиынға соғып жататынын, ал адам өзін толық танымаса, бойындағы әлсіздіктерді жеңбесе, тұлға болып қалыптасуы қиынболарын бүгінгі түзету- дамыту сабақтары арқылы жоғары деңгейде түсінді.

Сабақтың соңында оқушылар өз ойларымен, сұрақтарынқою арқылы ортаға сала отыра талқылап бүгінгі сабақтың мақсатын түсінді. Сабақ өз шеңберінде жоғары деңгейде аяқталды.

Ұсыныс: Бірінші сынып оқушыларын түзету – дамыту мақсатында жүргізілді.

«Н. Төреқұлов атындағы № 8 жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің
9 -10-11 сынып білім алушыларымен жүргізілген
«Өз құқығыңды білесің бе?» атты сауалнаманың қорытынды анықтамасы

18. 01. 2023 ж

Сауалнаманың мақсаты: жасөспірім шақтағы балалардың Бала құқықтары туралы Конвенцияның негізгі ережелері туралы, өз құқықтары туралы білімін анықтау. Сауалнама анонимді түрде жүргізіледі.

Нұсқау: сұрақтарды мұқият оқып, дұрыс жауаптарын белгілеңіз. Сонымен қатар өз жеке жауабыңызды жазыңыз.

Сауалнамаға қатысушылар: 9 – 10-11 сынып білім алушылары

Қатысушылар саны: 72 білім алушы

Жүргізілген сауалнаманың қорытындысы:

1. Бала құқығы туралы білесіз бе?
 1. Иә, білемін - 72 – 100%
 2. Жоқ, білмеймін -
 3. Мүлде хабардар емеспін
2. Өз құқығыңызды білесіз бе?
 1. Білемін - 70 - 97%
 2. Білмеймін
 3. Жауап беруге қиналамын - 2 – 3 %
3. Сіздің айналаңыздағы адамдар сіздің құқығыңызды құрметтейді ме? (үйде ,мектепте)
 1. Иә – 69 – 96 %
 2. Жоқ-
 3. Білмеймін – 3 - 4%
4. Баланың еңбек етуге құқығы қанша жасынан басталады?
 1. 14 - 35
 2. 16 - 5
 3. 17 - 3
 4. 18 - 29
5. Сіздің тәрбиеңізде кімнің негізгі жауапкершілігі бар?
 1. Мектептің -
 2. Ата – ананың - 72 - 100%
 3. Мемлекеттің
6. Отбасыңда, мектепте өз құқығыңның бұзылған кезі болды ма? (кім тарапынан: ата – ана, мұғалім?)
 1. Болды –
 2. жоқ – 72 – 100 %
 3. болды, айта алмаймын –
7. Сіздің оқу орныңызда құқық бұзушылық оқиғалары болып тұра ма? Қандай?
 1. Болып тұрады
 2. Жоқ, болмайды – 68 - 94%
 3. Кейде – 4 – 6 %
8. Қандай құқық бұзушылықтар орын алады?
 1. Кездеспейді – 70 – 97%
 2. Білмеймін - 2 – 3%
9. Мектепте зиянды заттарды қолданатын жасөспірімдер кездесе ме?
 1. Кездеседі
 2. Білмеймін – 5 - 7%

3. Жоқ - 67 – 93%

Қорытынды:

Білім алушылар «Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында берілген сауалнама нәтижесінде құқық туралы білім деңгейі жақсы деңгейін көрсетті. Білім алушылар сауалнама толтыру барысында қиындықтар кездескен жоқ. Тәртібі талапқа сай болды.

Н.Төрекұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектебінің 5ші сынып оқушыларымен жүргізілген
«Менің сыныбым » атты әдістемесінің қорытындысы

Мақсаты: Балалардың ұжымда өз-өздерін тануға, психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, оқушылардың бастауыш буыннан орта буынға өту кезіндегі алғашқы сезімдерін, көңіл күйін, сыныптың ұжымдастығын, психикалық ерекшеліктерінің дұрыс қалыптасуына ықпалын тигізу. Оқу мотивациясын анықтау.Баланың достарының арасында өзін дұрыс ұстай алуын анықтау.

Қатысқандар:147 оқушы
5 «а» сыныбы:27 оқушы
5 «ә» сыныбы: 27 оқушы
5 «б» сыныбы:23 оқушы
5 «в» сыныбы:25 оқушы
5 «г» сыныбы:24 оқушы
5 «д» сыныбы:21 оқушы

Жүргізген: Жұмабекова И, Нурмаханбетова Н.

Нұсқау: «Балалар! Суретте сендердің сыныптарың көрсетілген. Ортанғы орындықта апайың(мұғалім) отыр, апайдың айналасындағы оқушылар өздерінің жұмыстарымен шұғылданауда. Ал, қалған балалар ауланың сыртында ойын ойнауда. Осы суреттегі оқушылардың ішінен өзіңді тауып алып белгілілеп , жанына өзіңнің аты- жөніңді жаз.Өзіңді белгілеп болған соң суреттен өзіңнің досыңды тап та жанына аты- жөнін жаз».

Талдау нәтижесі :

«Менің сыныбым » әдістемесі	5 а	5Ә	5 б	5в	5г	5д
«Мұғалімнен алыста» позициясында тұрған оқушылар	5	7	3	5	4	5
Өзге балалармен өзін теңестіру, жұп болып тұруы,ойыншылармен бірге тұрған оқушылар	15	17	16	17	15	12
Мұғаліммен бірге тұрған оқушылар	5	1	3	0	2	2
Ойын позициясындағы оқушылар	5	8	1	3	3	2

4.Қорытынды:

Оқушылардың арасында алынған сауалнаманың нәтижесі бойынша «Мұғалімнен алыста» позициясында тұрған оқушылар саны 29, Баланың бейімделуі жақсы деңгейдегі оқушылар саны 92, Мұғаліммен бірге оқушылар 13 Ойын позициясындағы оқушылар саны 22 болды.

5 сынып оқушыларының жоғарғы буынға бейімделуіне арналған
«Мектептегі сезімдер» сауалнамасы

Талдау нәтижесі :

Мен мектепте бастан кешіп жатырмын	5 а	5Ә	5 б	5в	5г	5д
Тыныштық	12	12	18	16	17	15
Шаршау	11	13	12	9	11	8
Іш пыстыралық	5	8	5	4	6	4
Қуаныш	12	17	18	15	19	16
Өзіне сенімділік	12	17	17	16	17	15
Алаңдаушылық	7	10	6	5	4	3
Өзіне-өзі қанағаттанбау	2	4	3	1	3	2
Ашуланшақтық	7	7	5	4	2	3
Күмәндану	6	3	2	5	3	2
Ренжу	2	2	3	2	0	1
Қорлау сезімі	0	0	0	0	0	0
Қорқыныш	2	0	1	0	1	1
Болашаққа деген алаңдаушылық	5	3	5	1	3	4
Мектепке құрмет	11	13	15	16	17	14
Мұғалімдерге деген жанашарлық	9	8	11	15	16	17
Осында келуге тілек	8	10	15	14	14	17

5 сынып оқушыларының жоғарғы буынға бейімделуіне арналған
«Оқу пәндеріне көзқарас» сауалнамасы

Талдау нәтижесі :

Пән	Қызуғушылықпен оқимын						Немқұрайлы						Жақсы көрмеймін				
	5а	5ә	5б	5в	5г	5д	5а	5ә	5б	5в	5г	5д	5а	5ә	5б	5в	5г
Қазақ тілі	13	15	16	10	14	13	4	5	6	4	7	5	9	5	6	8	7
Тарих	9	12	12	11	13	9	6	5	8	7	5	4	10	11	14	12	9
Алтын тілі	15	18	16	17	15	14	2	6	2	1	4	3	9	4	5	3	4
Математика	17	20	12	18	12	14	2	3	4	1	5	4	3	4	10	11	8
Англис тілі	14	19	18	15	13	11	6	7	4	6	4	5	5	4	5	8	7
Англис тілі	13	15	10	9	8	8	9	8	9	7	8	11	6	4	6	7	8
Математика	18	20	20	21	19	17	2	2	1	3	2	3	2	1	2	3	2
Математика	17	19	13	11	12	11	6	4	7	5	4	5	5	4	3	4	5
Математика	14	17	14	15	13	14	4	3	5	4	5	6	2	4	5	5	6

Ұсыныс:

1. Сынып жетекшілері оқушылардың табысты бейімдеу кезеңін ұйымдастыру үшін сынып ұжымын қалыптастыру жұмыстарын одан әрі жалғастыру қажет.
2. Пән мұғалімдері оқушылардың пәндік арнайы білім дағдыларын жетілдіруге бағытталған тиімді әдіс-тәсілдерді кең көлемде қолдануды жалғастыру керек.
3. Мектеп психологы 5-сыныптың бейімделуін психологиялық зерттеу жұмыстарын жалғастыру қажет